

«Қаралды»:
Педагогикалық кеңес
Хаттама №1
«24» 08 2024 жыл

«Бекітілді»:
МКҚК «№1 «Күншұақ»
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі: Г.Ж.Барикова
«24» 08 2024 жыл



2024-2025 оқу жылына арналған жалпы ата-аналар жиналысының жоспары

№	Қаралатын мәселелер	Уақыты	Жауаптылар
№1 жалпы ата-аналар жиналысы			
Тақырыбы : «Оқу жылының басталуы-балабақша,ата-аналар және оның тәрбиеленушілері өміріндегі жаңа кезеңнің басталуы»			
Мақсаты: педагогтар мен ата-аналар арасындағы байланысты кеңейту; жаңа оқу жылына өзара іс-қимыл перспективаларын модельдеу;ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.			
1.	2024-2025 жылының мақсат- міндетімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау.	Қыркүйек	Г.Ж Барикова -меңгеруші
2	«Балабақша режимі мен ережелерін сақтау».		Л.М Асанова - әдіскер
3	“Біртұтас тәрбие”бағдарламасы бойынша атқарылатын жұмыстармен таныстыру.		Г.Ж Барикова -меңгеруші
4	Бала тәрбиесіндегі ата - ананың рөлі (тренинг-ойын)		Г.З Сәрсенбаева -педагог-психолог
№ 2 жалпы ата-аналар жиналысы			
Тақырыбы : «2024-2025 оқу жылының қорытындысы»			
Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ата-аналары мен педагогтары арасындағы байланысты кеңейту; жаңа оқу жылына өзараәрекеттесу перспективаларын модельдеу. Алынған дағдыларды тәжірибеде қолдану.			
	№1 ата-аналар жиналысының шешімінің орындалуы	Мамыр	
1			Г.Ж Барикова -меңгеруші
2	Жыл бойы жүргізілген оқу -тәрбие жұмыстарының қорытындысы Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмысын ұйымдастыру.		Л.М Асанова - әдіскер
3	«Серіппелі доп» ойыны.		Г.З Сәрсенбаева -педагог-психолог
4	«Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік және денсаулық»		Б.Ж Манаубаева -медбике

5	Ағымдағы мәселелер	Г.Ж Барикова -меңгеруші
---	--------------------	-------------------------

№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасының жалпы ата-аналар жиналысы

Хаттамасы №1

Өткізілген күні: 18 қыркүйек 2024 жыл

Өткізілген орны: музыка залы

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар.

Төраға: Г.Ж. Барикова – меңгеруші.

Хатшы: К.К. Машарик

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау.
2. Балабақша режимі мен ережелерін сақтау.
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша атқарылатын жұмыстармен таныстыру.
4. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбындағы тренинг-ойын.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі **Г.Ж. Барикова** сөз сөйлеп, 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспардың негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы баяндады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес балалардың сапалы білім алуы, қауіпсіз ортада тәрбиеленуі, денсаулығын нығайту және жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар таныстырылды. Сонымен қатар ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығын нығайту мақсатында ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау ұсынылды. Ұсынылған кандидаттар ашық дауыс беру арқылы қаралып, ата-аналар комитетінің құрамы бірауыздан бекітілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер **Л.М. Асанова** балабақшаның ішкі тәртіп ережелері, күн тәртібі, балаларды қабылдау және үйлеріне қайтару тәртібі, санитариялық-гигиеналық талаптар, қауіпсіздік шаралары, балалардың балабақшаға қатысу мәдениеті және ата-аналардың жауапкершілігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ата-аналарға балабақшаның ішкі тәртіп қағидаларын қатаң сақтау қажеттігі ескертілді.

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші **Г.Ж. Барикова** «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттары мен міндеттері туралы баяндама жасады.

Бағдарламаның мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, адамгершілік қасиеттерді дамыту және отбасы мен балабақша арасындағы тәрбиелік байланысты нығайту екендігі атап өтілді. Жыл бойына өткізілетін тәрбиелік іс-шаралар жоспарымен ата-аналар таныстырылды.

Төртінші мәселе бойынша педагог-психолог **Г.З. Сәрсенбаева** «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында тренинг-ойын өткізді. Тренинг барысында ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, бала мен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру, тиімді тәрбие әдістерін қолдану мәселелері қарастырылды. Ата-аналар белсенді қатысып, өз пікірлерімен бөлісті.

Қаулы

1. 2024–2025 оқу жылының мақсат-міндеттері басшылыққа алынсын және оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі түрде жүзеге асырылсын.
2. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері мен күн тәртібін сақтау барлық ата-аналар үшін міндетті деп есептелсін.
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспарланған іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

4. Ашық дауыс беру нәтижесінде сайланған ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.
5. Педагог-психолог ұсынған бала тәрбиесіне қатысты ұсынымдар ата-аналардың күнделікті тәрбие жұмысында басшылыққа алынсын.

Жиналыс төрағасы:

Г.Ж. Барикова

Хатшы:

К.К. Машарик



№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасының жалпы ата-аналар жиналысы

Хаттамасы №2

Өткізілген күні: « 20 » мамыр 2025 жыл

Өткізілген орны: Балабақшаның музыка залы

Жалпы ата-аналар саны: 87

Қатысқаны: 75

Қатыспағаны: 12 (себепті)

Жиналыс төрағасы: Г.Ж. Барикова – меңгеруші

Хатшы: А.М Маханбет

Тақырыбы:

«2024–2025 оқу жылының қорытындысы»

Мақсаты:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогтері мен ата-аналары арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқу жылының қорытындысын шығару, жазғы сауықтыру кезеңін тиімді ұйымдастыру және жаңа оқу жылына дайындық бағыттарын айқындау.

КҮН ТӘРТІБІ

1. №1 жалпы ата-аналар жиналысы шешімінің орындалуы.
2. Жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы. Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйым жұмысын ұйымдастыру.
3. «Серіппелі доп» психологиялық ойыны.
4. «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік және денсаулық».
5. Ағымдағы мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ

1-мәселе бойынша

Балабақша меңгерушісі Г.Ж. Барикова №1 жалпы ата-аналар жиналысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Қабылданған шешімдерге сәйкес оқу жылы бойы жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалғанын, ата-аналар комитетімен бірлескен іс-шаралардың ұйымдастырылғанын және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың нығайғанын атап өтті.

2-мәселе бойынша

Әдіскер Л.М. Асанова 2024–2025 оқу жылының қорытындысына талдау жасап, оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелерімен таныстырды. Балалардың бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі, ұйымдастырылған оқу қызметінің сапасы, мерекелік және тәрбиелік іс-шаралардың нәтижелері баяндалды.

Сонымен қатар жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, шынықтыру шараларын ұйымдастыру, таза ауадағы іс-әрекеттерді көбейту және қауіпсіздік талаптарын сақтау бағытындағы жұмыстардың жоспары таныстырылды.

3-мәселе бойынша

Педагог-психолог Г.З. Сәрсенбаева ата-аналардың қатысуымен «Серіппелі доп» психологиялық ойынын өткізді. Іс-шара барысында ата-аналардың өзара қарым-қатынасын нығайту, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі ынтымақтастықты дамытуға бағытталған тапсырмалар орындалды.

4-мәселе бойынша

Медбике Б.Ж. Манаубаева «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік және денсаулық» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада күн өтудің алдын алу, дұрыс тамақтану, жеткілікті сұйықтық ішу, жұқпалы аурулардың алдын алу, судағы қауіпсіздік ережелері, жәндіктерден қорғану және жеке бас гигиенасын сақтау жөнінде ата-аналарға ұсыныстар берілді.

5-мәселе бойынша

Менгеруші Г.Ж. Барикова ағымдағы мәселелер бойынша сөз сөйлеп, жазғы кезеңдегі балабақша жұмысының ұйымдастырылуы, балалардың қатысуы, қажетті құжаттарды уақытылы тапсыру және жаңа оқу жылына дайындық мәселелеріне тоқталды. Ата-аналардың ұсыныстары тыңдалып, қойылған сұрақтарға жауап берілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. №1 жалпы ата-аналар жиналысының шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы назарға алынсын.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспар бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.
4. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналарға берілген ұсынымдар орындалуға қабылданын.
5. Балабақша мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастық жаңа оқу жылында да жүйелі түрде жалғастырылсын.

Дауыс беру нәтижесі:


«Қолдады» – 75

«Қарсы» – жоқ

«Қалыс қалды» – жоқ

Шешім: Бірауыздан қабылданды

Жиналыс төрағасы:  Г.Ж. Барикова

Хатшы:  А.М. Маханбет

